КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

2026 жылғы 9 шілде Іс №7527-26-00-2/8856 Алматы қаласы

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты
төрағалық етуші судьясы Д.Е. Бултыкова құрамында,
сот отырысының хатшысы А.Қ.Аманкелдинованың қатысуымен,
ашық сот отырысында бейнебайланыс арқылы келесі талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
"Onai Docs" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Г.Ж.Тілешова
жауапкердің өкілдері А.Т.Ермеков, А.А.Бахирев
аудармашы Г. Нурланова

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2026 жылғы 30 қаңтарда Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен «Onai Docs» ЖШС (бұдан әрі - Өнім беруші) арасында № 990540004034/260019/00 электрондық құжат айналымын жүргізу жөніндегі қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған.

Шарттын сомасы 6 670 000 (алты миллион алты жүз жетпіс мың) теңге.

Қызметтерді көрсету мерзімі шарт күшіне енген кезден бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

Талап қоюшы сотқа жүгініп, «Onai Docs» ЖШС-нің мемлекеттік сатып алу шарты бойынша құжат айналымы жүйесін енгізу міндеттемелерін тиісінше

Документ подписан: Бултыкова Д. Е., 18.07.2026
Дата вступления в законную силу: 20.08.2026, судья Бултыкова Д. Е., 24.08.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

орындамағанын, жүйеде көптеген техникалық кемшіліктер бар екенін және интеграция жұмыстары аяқталмағанын мәлімдей отырып, өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізуді сұрайды.

Талап қоюға жауапкер пікірді ұсынған жоқ.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қоюда және Азаматтық процестік кодекстің (бұдан әрі - АПК) 48-бабының тәртібімен берілген өтініште көрсетілген негіздермен талаптарын қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілдері сот отырысында, шарт бойынша міндеттемелер тиісті түрде және толық көлемде орындалғанын түсіндіре отырып, соттан талапты қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 8 бабының 4 тармағының бірінші бөлігінің 4) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 26 қыркүйектегі №646 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастырудың және жүргізудің қағидаларының» (бұдан әрі - Қағидалар) 8 тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

Техникалық ерекшеліктің 4-бөлімінің 1)-ші тармақшасына сәйкес жүйе Өнім берушінің ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымында Шарт күшіне енген күннен бастап 20 жұмыс күн ішінде толық көлемде іске қосылуға тиіс.

Сонымен қатар Техникалық ерекшеліктің 4-бөлімінің 2)-ші тармақшасына сәйкес, Өнім беруші Шарт жасалған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде келесі құжаттарды ұсынуға міндеттенген: 1.Жүйенің жалпы сипаттамасы; 2.Пайдаланушыға арналған нұсқаулық; 3.Жүйені әкімшілендіру жөніндегі нұсқаулық.

Сотта анықталғандай, 2026 жылғы 10 наурызда Өнім беруші №30569937 көрсетілген қызметтер актісін электрондық түрде ұсынған.

Алайда, жүйенің Шарт талаптарына сәйкес келмеуіні анықтап, Тапсырыс беруші аталған актіні қабылдаудан бас тартты.

Документ подписан: Бултыкова Д. Е., 18.07.2026

Дата вступления в законную силу: 20.08.2026, судья Бултыкова Д. Е., 24.08.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

2026 жылғы 11 наурызда Тапсырыс беруші Өнім берушіге шартты бұзу туралы хабарламаны жолдады, онда сондай-ақ шарт 2026 жылғы 10 сәуірге дейін тиісті түрде орындалмаған жағдайда, шарт бұзылатыны көрсетілген.

2026 жылғы 10 сәуірде Шарттың 7.4.-ші тармағын басшылыққа ала отырып Тапсырыс беруші Шартты біржақты тәртіппен бұзды.

Демек, талап қоюшы шарт жасасу кезінде есептей алатын мүмкіндігінен айырылды.

Сотқа керісін дәлелдейтін айғақтар ұсынылмады.

АПК-тің 72 бабы бойынша, әр тарап өзінің талаптары мен қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғану құралдарын пайдалануға, фактілерді растауға, оларға дау айтуға, процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелерді және дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды судья белгілеген мерзімдерде келтіруге тиіс.

АПК-тің 73 бабына сәйкес, тараптардың қолында бар дәлелдемелерді сотқа ұсынбау осы дәлелдемелерді апелляциялық, кассациялық сатылардағы сотқа ұсыну мүмкіндігін болдырмайды.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, сот талап қою талабы қанағаттандыруға жатады деп санайды.

АПК–нің 117-бабына сәйкес, талап қою қанағаттандырылғандықтан, жауапкер мемлекет кірісіне 2 163 теңге мемлекеттік баж өндіруге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнынын жауапкер "Onai Docs" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

"Onai Docs" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

"Onai Docs" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 2 163 (екі мың бір жүз алпыс үш) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403, 404 баптарына сәйкес шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Алматы қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Д.Е.Бултыкова**

Документ подписан: Бултыкова Д. Е., 18.07.2026

Дата вступления в законную силу: 20.08.2026, судья Бултыкова Д. Е., 24.08.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Документ подписан: Бултыкова Д. Е., 18.07.2026

Дата вступления в законную силу: 20.08.2026, судья Бултыкова Д. Е., 24.08.2026

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»